

Мақат ауданының елді мекендерінде салық салу объектісінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициентін (К айм) бекіту туралы

Атырау облысы Мақат ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 11 шілдедегі № 117 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 16 шілдеде № 4450 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Мақат ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 8 сәуірдегі № 62 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Мақат ауданы әкімдігінің 08.04.2021 № 62 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы (Салық кодексі) Кодексінің 529 бабының 6 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабына, "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 24 мамырдағы Заңына, "Аймаққа бөлу коэффициентін есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2018 жылғы 12 қарашадағы № 475 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17847 тіркелген), "Елді мекендегі салық салу объектісінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушысының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 91 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13326 тіркелген) сәйкес, Мақат ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Мақат ауданының елді мекендерінде салық салу объектісінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттері (К айм) бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Т. Нұрпейісовке жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Мақат ауданының елді мекендерінде салық салу объектісінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициенті

№	Орналасқан жері	А й м а қ коэффициенті
Мақат кенті		
1	Жұмабай Жұмағалиев көшесі	1,1
2	Базарғали Төлекбаев көшесі	1,2
3	Ерғожа Туманов көшесі	1,3
4	Ләтип Шахатов көшесі	1,3
5	Әліби Жангельдин көшесі	1,3
6	"Мұнайшы газеті" көшесі	1,4
7	Нәбира Шағырова көшесі	1,4
8	"Сарыарқа" көшесі	1,4
9	"Телішевтар" көшесі	1,45
10	"Газшылар" шағын ауданы	1,45
11	42 бөлімше	1,5
12	"Алаш" шағын ауданы	1,55
13	Қаныш Сатпаев көшесі	1,55
14	Айман Жұмашева көшесі	1,65
15	"Болашақ" шағын ауданы	1,65
16	377 жол айрығы	0,75
Доссор кенті		
1	"Бірлік" шағын ауданы	1,15
2	"Ынтымақ" шағын ауданы	1,15
3	Ақмұқан Нұрсейтов көшесі	1,25
4	Шөкен Исанов көшесі	1,3
5	Қайырғали Жылқышиев көшесі	1,35
6	Әмірбай Оразов көшесі	1,35
7	Бауыржан Момышұлы көшесі	1,35
8	Гарифолла Курманғалиев көшесі	1,35
9	Құрманғазы Сағырбаев көшесі	1,35
10	Мұстафа Шоқай көшесі	1,35
11	Тәжібай Текеев көшесі	1,4
12	Ораз Сарғұнанов көшесі	1,4
13	Нұр Құсайынов көшесі	1,4
14	Оспан Шәрімов көшесі	1,4
15	Құбай Сейтов көшесі	1,4
16	Бисенғали Дәулетбаев көшесі	1,4
17	Қадым Жандауов көшесі	1,4

18	Рамазан Төлешқалиев көшесі	1,5
19	Хансұлтан Аухатов көшесі	1,5
20	Шәли Еркешев көшесі	1,55
21	Әмірхан Мантаев көшесі	1,55
22	Жетпіс Ботайбайұлы көшесі	1,6
23	Қуаныш Құдабаев көшесі	1,6
24	Ғалия Сүлейменова көшесі	1,6
25	Қадірбай Кериков көшесі	1,6
26	Бержан Канатбаев көшесі	1,65
27	Махамбет Өтемісұлы көшесі	1,7
Байгетөбе ауылдық округі		
1	Ескене ауылы	0,85
2	Мұнай айдаушылар бөлімшесі	1,1
3	402 жол айрығы	0,75
4	414 жол айрығы	0,75
5	441 жол айрығы	0,75
6	469 жол айрығы	0,75
7	472 жол айрығы	0,75

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК